



### ҚАЛА МЕН САЛА

## «ЖАНҰЯҒА» 23 МЫҢ АДАМ ЖҮГІНДІ

4-БЕТТЕ



### МӘСЕЛЕ

## ДӘРІ-ДӘРМЕК НЕГЕ ЖЕТПЕЙ ҚАЛДЫ?

6-БЕТТЕ



### РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

## БАҒЫ ЖАНБАҒАН БІР ДЫБЫС

10-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№101 (4070) | Бейсенбі | 27 тамыз 2020 жыл

## AQSHAMY



### АҚОРДА

#### Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы 2020 жылдың 1 қыркүйек күні өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында жарияланады. Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы еліміздің дағдарыстан кейінгі кезеңдегі негізгі даму мақсаттары жайында айтады. Жолдаудың басым бөлігі экономикалық және әлеуметтік мәселелерге арналады.



2

Соңғы жылдары бас қалада абаттандыру жұмыстары қарқынды жүрізілді. Қала әкімі Алтай Көлгіновтің тікелей тапсырмасы бойынша, бұрын сыйқы кеткен саябақтар қайта ажарын тапса, қаладағы және қала шетіндегі қараусыз қалған жерлерде абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындарға қолайлы тынымбақтарға айналды. Биылдың өзінде қала бойынша 150 аула мен 50 қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

## АБАТТАНДЫРУ ЕЛОРДАНЫҢ АЖАРЫН АШАДЫ


**COVID-19  
ҚАЗАҚСТАНДА**

АУРУ ЖҮҚТЫРҒАНДАР:	<b>105 075</b>
ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:	<b>93 990</b>
ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР:	<b>1 523</b>



Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2020 жылдың 3 қазанында 2006 жылғы үлгідегі 2 000, 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.

Қолма-қол ақша айналымынан алынған банкноттарды Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау тек қана Ұлттық банктің филиалдарында жүргізіледі.



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен Ведомствоаралық комиссия отырысында нысандардың қызметін жеңілдетудің екінші кезеңі мақұлданды.

Денсаулық сақтау министрлігі шектеу шаралары ел бойынша COVID-19 инфекциясын 10 есеге, жедел жәрдемді шақыру санын 4,2 есеге, ауруханада жатқандардың санын 80 пайызға төмендетуге мүмкіндік бергенін, ал мобильді бригадалар саны 7,6 есеге артқанын хабарлады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.67 \$ USD/KZT 412.55 ₸ RUB/KZT 5.78 ¥ CNY/KZT 58.78

www.astana-akshamy.kz

41870223050016



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевты қабылдады. Алик Шпекбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің биылғы 7 айда атқарған жұмыстарының негізгі қорытындылары туралы есеп берді.

Агенттік төрағасы саяси мемлекеттік қызметшілер мен жауапты басшыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара қолданбағаны үшін қызметінен босатуға және нормативтік-құқықтық актілерді жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізуді қалпына келтіруге қатысты Мемлекет басшысының бұған дейін берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндады.

Президент мемлекеттік органдардың жұмысына қызмет көрсету моделін енгізудің маңыздылығын атап өтіп,

Агенттіктің азаматтық қоғам өкілдерімен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және адалдық идеологиясын ілгерілету жөніндегі іс-қимылдарына оң баға берді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы 19 тамыз күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесте жемқорлық қылмыстар үшін жауапкершілікті қатаңдатып, қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыруға қатысты берілген тапсырмаларды тезірек заң жүзінде іске асырудың қажет екенін

айтты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық ғылыми медицина орталығы» АҚ басқарма төрағасы Абай Байгенжинді қабылдады. Абай Байгенжин Президентке Ұлттық ғылыми медицина орталығы атқарған жұмыстардың қорытындылары туралы баяндады. Кездесу соңында Мемлекет басшысы орталықтың халық денсаулығын сақтауда үлкен жұмыс атқарып жатқанын айтып, алдағы қызметтеріне тілектестік білдірді.

## АБАТТАНДЫРУ ЕЛОРДАНЫҢ АЖАРЫН АШАДЫ

Алтай Көлгінов қаланың бірқатар аулаларында жүргізілген жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Бұл туралы елорда әкімі өзінің инстаграм парақшасында жазды.



Қала әкімі кешкілік аралау барысында Алматы ауданының бірқатар аулаларында (Абылай хан көшесі, 55, Ғ.Мүсірепов көшесі, 10/3) жүргізілген жөндеу жұмыстарын өз көзімен көріп қайтты.

Ғ.Мүсірепов көшесі, 10/3 бұрын қылтаны жоқ батпақ жер ғана болатын. Бұл мәселені аудан тұрғындары қала әкіміне мәлім еткеннен кейін аталған аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізілген болатын. Жөндеуден кейін жаңа аула барлық жастағы тұрғындарға ыңғайлы болды. Аулада спорт түрлерімен айналысуға, футбол ойнауға болады. Үлкен кісілер немерелерімен уақыт өт-

кізе алады. «Алматы ауданының аумағында алдағы уақытта тағы да бірқатар тынымбақты абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Бұл ауданда биыл абаттандырылған аулалар саны 33, алдағы уақытта қала бойынша 150 аула мен 50 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Сондай-ақ №37 «Арман» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Биыл 26 білім беру нысанын (мектептер, балабақшалар, колледждер) жөндейміз. Бірқатар көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне күрделі жөндеу жүргіземіз. Оған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы айтарлықтай көмектеседі» жазды Алтай Көлгінов.

## АЙЫНА – 5 МИЛЛИОН БЕТПЕРДЕ

Кеше ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов Денсаулық сақтау, Индустрия және инфрақұрылым даму министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің лауазымды мамандарымен бірге елордадағы «Қазақстан Аселсан Инжиниринг» компаниясы мен салынып жатқан Ұлттық ғылыми онкология орталығына барды.



Азамат  
ЕСЕНЖОЛ

Қала әкімі кешкілік аралау барысында Алматы ауданының бірқатар аулаларында (Абылай хан көшесі, 55, Ғ.Мүсірепов көшесі, 10/3) жүргізілген жөндеу жұмыстарын өз көзімен көріп қайтты.

Ғ.Мүсірепов көшесі, 10/3 бұрын қылтаны жоқ батпақ жер ғана болатын. Бұл мәселені аудан тұрғындары қала әкіміне мәлім еткеннен кейін аталған аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Жөндеуден кейін жаңа аула барлық жастағы тұрғындарға ыңғайлы болды. Аулада спорт түрлерімен айналысуға, футбол ойнауға болады. Үлкен кісілер немерелерімен уақыт өткізе алады. «Алматы ауданының аумағында алдағы уақытта тағы да бірқатар тынымбақты абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Бұл ауданда биыл абаттандырылған аулалар саны 33, алдағы уақытта қала бойынша 150 аула мен 50 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Сондай-ақ №37 «Арман» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстарын жұмыстарын



жүргіземіз. Биыл 26 білім беру нысанын (мектептер, балабақшалар, колледждер) жөндейміз. Бірқатар көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне күрделі

жөндеу жүргіземіз. Оған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы айтарлықтай көмектеседі» жазды Алтай Көлгінов.

## ОҢ ӘСЕР БАЙҚАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қол жеткізілген оң әсерді ескере отырып, ведомствоаралық комиссия биыл 31 тамыздан бастап келесі нысандардың қызметін қайта бастау туралы шешім қабылдады: діни объектілер (жеке, ұжымдық іс-шаралар өткізілмейді); бассейндер (жеке форматта, 1 келушіге 5 ш. м. су беті есебінен, алдын ала жазылу арқылы); жаттығу залдары (1 келушіге 5 ш. м. дейін, алдын ала жазылу арқылы); спорт кешендері (1 келушіге 5 ш. м. дейін жеке және топтық жаттығулар үшін); мәдениет нысандары (1 келушіге 5 шаршы метрге дейін, толымдылығы 50 пайыздан аспайды, оның ішінде кемінде 2 метр әлеумет-

тік қашықтықты сақтай отырып, 30 адамға дейін ұжымдық дайындықтар, үзілістерде бөлмелерді жөндеу, бетперде тағу); ерекше қорғалатын табиғи аумақтар: мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және т.б. (жеке және ұжымдасқан топтар үшін 15 адамнан аспайтын, әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып, кемінде 2 метр, бетперде тағу); қала маңындағы жолаушылар пойыздарының/электр пойыздарының, қалааралық, облысшілік автобустардың/шағын автобустардың қозғалысына рұқсат беріледі.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары бірқатар нақты тапсырма берді.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Шуйское ауылында жергілікті кәсіпкер жұмысшыларға арнап 10 үй салып жатыр. Әрқайсының құрылысына 20 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсалады. Бұл үйлер бой көтерген соң жұмысшыларға беріледі. Алғашында оларға қызметтік баспана ретінде ұсынылғанымен, шаруашылыққа ұзақ уақыт тұрақты еңбек еткендерге жекеменшікке берілімек.

### ■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Көксу су бөгеті қалпына келтіріліп жатыр. 1963 жылы салынған құрылыс бұған дейін бірде-бір рет жөндеу көрмеген екен. Соның салдарынан стратегиялық нысанның су өткізу деңгейі төмендеп кеткен. Жаңа каналдың құрылысы күзде, яғни, егістік алқаптарға су беру тоқтатылғанда басталады. Ал оған дейін мердігер мекеме тоспаның жанындағы суағарды пайдалануға береді.

### ■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Облыста талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысы аяқталып, 14 ауылға 206 шақырым желі тартылды, 52 мемлекеттік мекеме жылдамдығы жоғары интернетке қосылды. Осы жобаның арқасында мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметшілер электронды қызметтерді кеңірек қолдану мүмкіндігіне ие болды.

### ■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда коронавируспен ауырған науқастарға арналған оңалту орталықтары ашылды. Мұнда физиотерапия, массаж, тыныс алу жаттығулары секілді ем шаралар жүргізіледі. Игі бастама аудандарда да жүзеге асырылмақ. Бүгінде жаттығу залдарына ем-домға қажетті жабдықтар әкелініп жатыр.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Облыста 29 елді мекенге сапалы ауыз су тартылады. Барлық жобаны жүзеге асыруға 15 миллиард теңгеден аса қаражат бөлінген. Өңірдегі Жангелдин ауданындағы үш ауыл жыл соңына дейін орталықтандырылған су желісіне қосылады деп жоспарланған.



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## «ЖАНҰЯҒА» 23 МЫҢ АДАМ ЖҮГІНДІ

» Бір жылдан бері Нұр-Сұлтанда «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы жұмыс істейді. Онда елордадағы отбасылар құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек алады. Орталық жұмыс табуға, кәсіптік оқудан өтуге, әлеуметтік және тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпарат алуға, сондай-ақ оларға қатысуға көмектеседі.



Ашылған күннен бастап орталыққа 42 017 сауал бойынша 23 039 өтініш келіп түсті. Адамдар қойған сұрақтардың көп бөлігі атаулы әлеуметтік көмек – 22 620, мемлекеттік жәрдемақы – 6 278 және тұрғын үй – 3 020 мәселелеріне қатысты.

Орталықта 12 мемлекеттік орган мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарының жұмысы ұйымдастырылған. Онда «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ, жеке сот

орындаушыларының өңірлік палатасы, қала әкімдігінің әкімшілігі, жұмыспен қамту орталығы, тұрғын үй қоры, тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, қазпочта, құқық қорғау органдары және басқа да құрылымдардан кеңес алу мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ «Жанұяда» «Кәсіпкер ана» аналарға өз бизнесін дамытуға көмек-

теседі. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мұнда өз бизнесін бастауда қолдау таба алады. Ол үшін бизнес құру тәжірибесімен бөлісетін табысты әйелдермен Self Made мотивациялық бизнес-тренингтер өткізіледі.

«Жанұя» орталығының алаңында Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қоғамдық қабылдауы да ашылды. Азаматтарды кесте бойынша қабылдауды аудан басшылары, басқармалар мен басқа да ұйымдардың басшылары жүргізеді.

«Қиындыққа кезіккен жанұяларға көмек көрсетін орталықтың басты мақсаты – отбасыларға психологиялық, әлеуметтік және заңгерлік көмек көрсету. «Жанұяда» 70-тен аса мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Орталықта рухани құндылықтарды дамытуға, қайырымдылық, көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар, сондай-ақ көп

балалы аналарға арналған бос орындар жәрмеңкелері мен семинар-тренингтер өткізіледі» дейді «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының директоры Әйгерім Тәңірбергенова.

Естеріңізге сала кетейік, «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығының жұмысы 13 мамырдан бастап қайта жанданды. Қабылдау санитарлық талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте орталықтың барлық қызметтерін онлайн режимде немесе 57-87-00, 57-88-88 нөмірі арқылы алуға болады.

**Бақыт ТОҚСАНБАЕВА,** көпбалалы ана

«Орталыққа тәжірибелі мотиваторлар келіп, тренингтер өткізеді. Бұл мен үшін үлкен мүмкіндік. Өз бизнесімді бастау үшін өзімнің күшті және осал тұсымды анықтадым. Осындай шара ұйымдастырылмаса, бизнес бастау мен үшін қол жетпес арман болып қала беретін еді. Тәжірибелік сабақтар маған бизнес-жоба жайын қарастыруға септігін тигізді. Күйзелістен арылып, жаңаша ойлауға үйретті. Шешім қабылдауға көмектесті. Тұлғалық қасиеттерімді талдау арқылы өз бағытымды, өз саламды таңдай алдым. Алдағы уақытта кәсіпімді ашып, қоғамға пайдамды тигізгім келеді. Арманымға қол жеткізу жолында көмектескен, шабыттандырған



«Жанұя» орталығына алғыс білдіремін»

**Айнұр МАРАТОВА,** қала тұрғыны

«Басыма қиындық түскенде қайда барып, кімнен көмек сұрауды білмедім. Содан құрбым «Жанұя» орталығына барып көруге кеңес берді. Оған дейін қолдау орталықтарының барынан бейхабар едім. Маған орталық аяққа қайта тұруға,

өмір сүруге үйретті. Үш баламен жұмыссыз, үйсіз қалғандық бойынша жұмыс табуға көмектесті. Қазіргі таңда пәтер жалдап тұрамын, балаларым не ішесін, не жеймін демейді. Толықтай аяққа тұрдым. Тәжірибелі мамандардан психологиялық, заңгерлік тұрғыдан кеңестер алып, рухани мықты адамға айналдым. Орталық мамандары құрметке лайық»

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

## ТҮНГІ РЕЙД: КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛДЫ МА?

» Елімізде 25-29 тамыз күндері аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шарасы өткізіліп жатыр. Сол арқылы елордада түнгі уақыттарда карантин талаптары қаншалықты сақталатындығын тексеріп, айыптыларға жауапкершілік жүктеу қарастырылған.

**Дәулет АСАУОВ**

Осыған орай өткен сейсенбіде түнгі сағат 22.00-де полиция қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен бірге қаланың сол жағалауындағы ойын-сауық орталықтарын, көңіл көтеру орындарын аралауға шықты.

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Мадияр Айтұғанов рейд барысында қоғамдық орындар, дәмхана, мейрамхана сынды нысандар тексерілетіндігін айтты.

«Ішкі істер министрінің нұсқаулығына сәйкес, тамыздың 25-29 аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шарасы басталды. Осыған орай Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті Ұлттық ұлан жасақтарымен бірігіп және қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен елордада түнгі рейдтерге шығып тұратын болады. Басты мақсат – қаладағы эпидемиологиялық ахуалды сауықтыру, құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын алу, жол жүрісі тәртібін қатаң сақтау және карантин талаптарының сақталуын қамтамасыз ету» деді

Мадияр Айтұғанов.

Естеріңізге сала кетейік, Нұр-Сұлтан қаласының бұрынғы бас санитарлық дәрігері Жанна Пралиева өткен мәлімделерінің бірінде көптеген қала тұрғындары мен ұйымдардың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамайтынын, ол басқа адамдардың вирус жұқтыру қаупін үдете түсетінін айтқан болатын.

«Шектеу шараларын сақтау қаншалықты айтылып жатса да, тұрғындардың басым бөлігі коронавирус індетінің барлығына сенбейді және ескертуге құлақ аспайды. Тіпті қарапайым қорғаныс талаптарын орындағысы келмейді: беттүмша тағу, аралық қашықтықты сақтау, қолды антисептиктермен жуу. Біз індет қаупі толық қайтпаса да, бірқатар шектеу шарттарын талап ете отырып, қаладағы кәсіпорындардың, ұйымдардың жұмыстарын қайтадан жалғастыруына мүмкіндік бердік. Бірақ жаңадан КВИ тіркелуі тежелетін емес, бұл кейбір мекеме-ұжымдардың сақтандыру шараларын орындамайтындығын білдіреді» деген еді бас санитарлық дәрігер. Оның айтуынша, егер қалада санитарлық-эпидемиологиялық

жағдай ушығып кететін болса, шектеу шаралары қазіргі кезге қарағанда күшейтілуі де мүмкін.

Бүгінде карантин талаптары жеңілдетілгенімен түнгі сағат 23.00-де қалада барлық дәмханалар, мейрамханалар, барлар жабылуы тиіс. Бірақ соған қарамастан түнгі уақыттарда жасырын жұмыс істейтін сауық орындары бар. Сондықтан ресми топ сағат 23.00-ден кейін Есіл аудандық полиция басқармасының ғимаратынан түнгі рейдке аттанды. Алдымен ат басын тіреген орын – Туран даңғылы бойындағы «Астаналық саябақта» орналасқан қонақ үйі. Полиция қызметкерлері келгенде қонақ үйдің ашық даладағы дәмханасында отырған жастардың қарасы қалың еді. Алайда олар полиция қызметкерлерін көргенде жылдам таралуға мәжбүр болды. Тек полицияның қолына мейрамхананың үш вип-залында туған күн тойлаған жастар түсті.

Бұдан кейін тексеру тобы Сауран көшесі бойында орналасқан барларға бас сұқты. Солардың бірінде де дәл осындай жағдай қайталанды. Полиция түнгі қыдырысты ұнататын жастар емін-еркін кальян шегіп, көңіл көтеріп отырғанда



үстерінен түсті.

Полиция қызметкерлері аталған сауық орындарында болған клиенттерге коронавирус індеті толық жойылмағандығын, оның таралу қаупі әлі де жоғары екенін түсіндіріп, әкімшілік айыппұл салды. Сауық орындардың басшылары да айыппұл арқалады. Айта

кетерлігі, карантиндік режим мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бұзғаны үшін жеке тұлғаларға 30 айлық есептік көрсеткіш (1 АЕК – 2778 теңге / 30 АЕК – 83 340 теңге), ал кәсіпкерлік субъектілеріне 230 АЕК-тен (638 940 теңге) жоғары сомада айыппұл салынады.

# РЕСЕЙ ВАКЦИНАСЫ ЗАУАЛҒА ДАУА МА?

» Әуелгіде әлемді жайлаған алапат індеттің тоқтамы жоқтай көрінгені рас. Күллі әлем күтпеген зауалдан астаң-кестең боп жатқанда, адамзат болашағы бұлыңғыр көрінген. Әйтсе де, дерттің дауасын елден бұрын Ресей тапты. Бес ай бойы түрлі сынақ пен тәжірибеден өткен вакцина «Спутник V» деп аталады.

## КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ БІРЛЕСКЕН КЕЛІСІМ

COVID-19-ға қарсы вакцинаны іргелі елдер жанталаса іздестіріп, жұмыла жасап жатқанда, оның ең бірінші болып тіркегенін Владимир Путиннің өзі мәлімдеді. Инфекциядан қорғайтын бұл препарат Ресейдің Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Н.Гамалея атындағы Ұлттық эпидемиологиялық және микробиологиялық зерттеу орталығы дәрі-дәрмек зауытында шығарылған. Әзірге «Спутник V» екпесі үшінші сынақтан әлі өткізілген жоқ, сонда да қыркүйек айында ресейлік медицина қызметкерлеріне салынады.

Көршілес мемлекеттің бұл жетістігін Қазақстан да жоғары бағалады. Өйткені бізге ғана емес, бүкіл әлемге керегі бірінші кезекте әлемнің іргелі елдерінің арасындағы көрсөкер бәсекелестік емес, өкпеден қысқан өлімді дерттің дауасының табылғаны еді. Сондықтан да алғашқылардың бірі болып бұл жаңалықпен Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтап, Владимир Путинге жеделхат жолдады.

«Бұл оқиға Ресей ғылымының жоғары әлеуеті мен беделін нақтылай түсті. Ресейдің осы жаһандық қауіп-қатерге қарсы күрестегі жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Әлемде қалыптасқан осынау қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға үнемі қолдау көрсетіп, оның ішінде гуманитарлық көмек беріп және еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына үлкен үлес қосқан дәрігерлерді біздің елге жібергеніңізге ризашылық білдіреміз.

Тамыз айының екінші жартысында Үкіметтік делегация ресейлік вакцинаны сатып алу мәселесін талқылау үшін Мәскеуге барады» делінген жеделхат мәтінінде.

Осылайша, жедел жасақталған делегация Ресей астанасына кеше аттанып кетті. Оны Премьер-министрдің орынбасары Роман Складчаров басқарып барды. Бұл сапарда Ресей Үкіметі өкілдерімен түрлі кездесулер өткізіліп, онда өнеркәсіптік кооперацияның өзекті мәселелері, барлық клиникалық сынақтар өткізілген жағдайда халықты тегін және ерікті түрде имундау үшін COVID-19 вакцинасын сатып алу және қолдану мәселелері талқыланды. Соның ішіндегі ең негізгісі Роман Васильевичтің өнеркәсіптік кооперация және фарминдустрия саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша РФ Өнеркәсіп және сауда министрі Денис Мантуровпен талқылау өткізді.

Сапар аясында Ресейдің тікелей инвестициялар қоры мен «СҚ-Фармация» арасында «Спутник V» вакцинасының кепілдік берілген көлемін сынақтардың барлық сатыларынан өткеннен кейін бөлу туралы өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды. Соған сәйкес Қазақстан үшін қажетті вакцина көлемін Н.Гамалея атындағы эпидемиология және микробиология Ұлттық зерттеу орталығы жүргізуге дайын екендігі мәлім етілді. Бұл ретте, қауіп тобына кіретін қазақстандықтар үшін имундау тегін және ерікті негізде жүргізіледі және вакциналау барлық клиникалық сынақтардан өткеннен кейін ғана мүмкін болады.



Сапар аясында ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой мен РФ Денсаулық сақтау министрі Михаил Мурашконың арасында келіссөздер өтті, оның барысында коронавирустар инфекциясының таралуына қарсы күрестегі өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды, нәтижесінде ведомстволар арасындағы одан әрі ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды.

## СЫРТ КӨЗ – СЫН КӨЗ

Вирусологтар Ресейдің «Спутник V» вакцинасын оның коронавирустарға қарсы толық әсерін анықтағанға дейін қолдану туралы жоспарына алаңдаулы. Сарапшылар коронавирустар клиникалық сынақтың үшінші фазасынан өтпеген ресейлік вакцина біртіндеп вирустың мутациялануына әкеп соғуы мүмкін екенін айтады. Бұл туралы Reuters агенттігіне ғалымдар мәлімдеген.

«Вакцина тиімді екеніне көз жеткізсек дейміз. Біз оны шын мәнінде білмейміз» дейді АҚШ-тағы Вандербилт университетінің медициналық мектебінің педиатрия профессоры және вакциналар бойынша сарапшысы Кэтрин Эдвардс. Оның айтуынша, вакцинаның вирусқа қарсы

әсері, оны бұғаттауы немесе үйренісіп кетуі әсері «үнемі алаңдаушылық туғызады».

«Әсер етпейтін вакцина қолданудың түрлі ықтимал тәуекелі болады. Вирус мутацияланады деген тәуекел – теориялық тәуекел» дейді Бостондағы медициналық орталықтың маманы Дэн Барух.

Ал өз кезегінде «Спутник V» вакцинасын дайындағандар қауіпсіз екенін және екі ай клиникалық сынақ оның тиімді екенін дәлелдегенін айтады. Алайда зерттеу нәтижесі жарияланбағандықтан, көптеген Батыс ғалымы оған күмәнмен қарап отыр.

## ВАКЦИНА ПАНАЦЕЯ ДЕУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ МЕ?

2020-2021 жылдардың желтоқсан-қаңтар айларында Ресей айына 5 миллион вакцина шығару жоспарлап отыр. Олар өндіріс қуатын осы деңгейге жеткіземіз дейді. Бұл туралы таяуда Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрі Михаил Мурашко өзі өткізген баспасөз брифингінде мәлімдеді. Вакцинаны жасап шығарушы ғалымдар қатысқан жиында әлемдегі эпидемиологиялық ахуал сөз болып қана қоймай,

ғылымдағы бетбұрыстар да талқыланды. Олар вакцинаның толықтай қауіпсіздігіне кепілдік беріп отыр. Айтуынша, бұл екпе биологиялық негізде, бұрыннан қолда бар, ғылымға белгілі материалдардың құрамынан жасап шығарылған екен.

Вакцинаның алғашқы партиясы қыркүйек айына дейін өндірістен шықпақ. Медицина қызметкерлері алғашқы егуден өткеннен кейін, одан әрі тәжірибені жалғастыру үшін кез келген жастағы, кез келген мамандық иелері сынаққа тартылады.

Бір қызығы, осы жиында министр жаңашылдық туралы паш ете отырып, медицина қызметкерлерін және созылмалы ауруы бар адамдарды қарапайым тұмауға қарсы екпе жасауды да ұмытпауға шақырды.

«Семіздікке бейім, жүрегі ауыратын, өкпесі ауыратын немесе диабетпен сырқат адамдарға тұмауға қарсы вакцина салғызуды кеңес етемін. Әсіресе, медицина қызметкерлеріне осы шараға жауапкершілікпен міндетті түрде қатысқаны дұрыс. Тұмауға қарсы вакцина медициналық мекемелер персоналын 80-85 пайызға дейін қамтуы тиіс» деді ол.

Жоғары мінбеден айтылған мұндай уәждің жаһандық жаңашылдықтың тасасында қалып қойғанмен, былайғы сыншыл жұртты екіұдай күйде қалдырғаны рас.

## СӨЗ СОҢЫ

*Еліміз де әлемдік үрдістен қалыспай, пандемияға қарсы өз сүңгісін кезеніп жатқаны белгілі. Хал-қадірімізше екпе жасап, сынақтан өткізіп жатырмыз. Таяуда осы қазақстандық COVAX-19 вакцинасының клиникалық кезеңі сәтті аяқталған болатын. Қауіпті кеселге қарсы екпе екі миллионнан аса отандасымызға тезін беріледі деп жоспарланған.*

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

# ЕҢБЕК ЖОЛЫ СЫН САҒАТТА БАСТАЛҒАН

» Еңбек жолын былтыр ғана №10 қалалық емханада бастаған дәрігер Назерке Мұратова – коронавируспен күресте аса ауыр халдегі науқастарды емдеуге жұмылдырылған жас маман. Шығыстан арман қуып елордаға келген қыздың Астана медицина университетінде 7 жыл оқыған еңбегі босқа кетпеді. Ол елде індет басталғанда өз еркімен қалалық Фтизиопульмонологиялық орталыққа ауысып, 6 наурыздан 24 тамызға дейін – 5,5 ай бойына жағдайы ауыр жандардың жанын сақтап қалу үшін күресті.

Жас маман елордада ауыр індетпен алғы шепте күресуге бел шеше кіріскенін алыстағы анасы мен туыстарының уайымдайтындырын біліп, үш айға дейін айтпады. Ал өзі елге вирус инфекциясы жетіп, індет тарағанда еш қорықпастан оқшауланған емдеу орнында жұмыс істеуге бірден келісін берген. Себебі медицина қызметкерлері қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіліп, орталық ішінде сақтық шаралары толық сақталған еді.

– Мұнда жұмыс істеу оңай болды дей алмаймын. Өйткені біз ауыр және аса ауыр халдегі пациенттерді қабылдадық. Қаншама адам дертті жеңе алмай көз жұмды. 2 айдан кейін интенсивті терапияда жұмыс істей бастадым. Ондағы науқастар-

дың жағдайы өте ауыр болды. Пациенттерде, әсіресе, психологиялық күйзеліс күшті, өліп қаламыз ба деген қорқынышпен бірден байбалам салатындар көп кездесті. Түскен сәтте олардан анализ алып, зертханалық инструменталды зерттеу жүргіздік. Күн сайын симптоматикалық ем тағайындап отырдық. Ауыр халдегі пациенттерде қосымша созылмалы аурулар болды. Оларға вибролангпен массаж жасауға болмайтын еді. Сондықтан науқастарға медбикелерден бөлек, өзіміз де дренажды массаж жасайтынбыз. 90-нан асқан шағында індетке іліккен кейбір ата-әжелердің өзі сауығып кетті. Емделіп шыққанда біздің қуанышымызда шек болмайтын, соны зор жетістік санап, төбеміз

көкке жеткендей сезімде болдық, – дейді Назерке дәрігер.

Пациенттердің тағы бір қорқынышы – олар оксигенотерапияда жасанды дем алу аппараттарына қосылғандықтан, сол оттегіге тәуелді болып қаламыз ба деп қауіптенуі еді. Дәрігерлер сондықтан күн сайын оттегі беруді аз-аздан, біртіндеп азайтып отырған. Сөйтіп психологиялық және физикалық тұрғыда олардың жайлап жасанды дем алуға тәуелділік деңгейін төмендеткен.

Жер шарына тосыннан келген қауіпті дертпен күрес дәрігерлер үшін әрі сынақ, әрі зор тәжірибе болды. Себебі өкпесінің басым бөлігі зақымданған науқастарды сондай қиын жағдайдан шығарып алу оңай емес еді. Бірақ бұл ақ халаттылардың қолынан келді. Оның үстіне Назерке сияқты аса ауыр халдегі науқастарды емдеген мамандар пациенттердің қант диабеті, артериалды гипертония сияқты қосалқы ауруларының да асқынбауы үшін бар күшін салды.

– Басында 2 апта тубдиспансерде тұрдық. Қатаң тәртіпті режимде жаттық, тіпті сырттан зат алып беріп жіберу қиын еді. Сосын бізді Hilton қонақүйіне көшірді. Жұмысқа апаратын арнайы ав-

тобустар бөлінді. Ол жерде тағы 2 ай тұрдық. Алғашқы карантин алынып тасталған соң Ramada Plaza қонақүйіне орналастырды. Онда 1 ай тұрғаннан кейін пандемия шарықтау шегіне жеткен кезде пациенттер көбейіп кетті. Бұл қонақүйді провизорлық орталық етіп ашты да, біз ҚР ДСМ рұқсатымен үйімізден қатынайтын болдық, – дейді дәрігер.

Қазір барлығымызды коронавирустың екінші толқыны туралы деректер қызықтырады. Сондықтан дәрігермен тілдесек, дереу соны сұраймыз. Емханада жұмыс істеген кездегі өз тәжірибесіне сүйене отырып жас дәрігердің айтқаны, әдетте күзде статистика бойынша балалар арасында тұмау көбейеді. Тұмау кейде пневмонияға ұласып жатады. Сол себепті де індеттің екінші толқыны балаларға қатысты болуы мүмкін деген әзірге болжам ғана. Бұл ретте де дәрігерлер қорқынышқа бой алдырмай, профилактикалық шараларды күшейтуге көңіл бөлу керек дейді.

Назеркенің індетпен күресуіне оның стационарда жұмыс істеуге деген қызығушылығы да себеп болған. 5 жыл бакалавриат, 2 жыл интернатурада оқыды. 1 жыл жұмыс істеді. Биыл ол грантпен



резидентураға тапсырды. Енді екі жыл оқып, соны бітірген соң болашақта отбасылық медицина бойынша стационарда жұмыс істергісі келеді. Сөйтіп мектеп қабырғасында 9-сыныпта жүргенде пайда болған бала арманын толықтай жүзеге асырмақ.

» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында: «Денсаулық сақтау министрлігі басқаруда бірқатар нақты қателіктерге бой алдырды. Әкімдердің көпшілігі өз жұмысын тиісті деңгейде атқармады, Үкімет оны бақыламады» деп сөздің шындығын айтқаны ел-жұртың есінде. Президент қателіктер мен жауапсыздықты анықтау жөніндегі арнайы комиссия құруды ұсынды. Бұл комиссия Денсаулық сақтау министрлігі мен Үкіметтің жиберген елеулі қателіктеріне ревизия жасап, Президентке ұсыныс айтуы қажет.



# ІНДЕТ ӨРШІГЕНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕК НЕГЕ ЖЕТПЕЙ ҚАЛДЫ?

## НЕМЕСЕ ФАРМАРИҚТАҒЫ БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ ҚАШАН ЖОЙЫЛАДЫ?

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

### ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК САТЫЛҒАНЫ РАС ПА?

Президент тергеу жүргізіп, қазіргі қиындықтарға барлық кінәлілерді жауапқа тарту қажеттігін мәлімдеді. Соның ішінде, МӘМС пен «СҚ-Фармация» басшылығын мысалға келтірді. Шынында да халықтың денсаулығына тікелей жауапты екі құрылым былдық-шылыққа белшесінен батып тұр. Индет күшейгенде жұрт сабылып іздеген «Тамифлю» деген дәріге қатысты бір ғана жанжал осыны дәлелдеді. Отандық бірқатар блогерлер әлеуметтік желіде шетелдерден әкелінген гуманитарлық көмекті дәріханалар сатып жатыр деген жорамал айтты.

Мысалы, желі қолданушысы Айжан Хамит «Тамифлю» туралы жазба жариялады. Оның оқырмандарының бірі осы дәріні дәріханадан 9 мың теңгеге сатып алған. Оның айтуынша, дәрінің сыртындағы «RX Only» және «NDC» деген белгілер тек АҚШ аумағында сатылатын дәрілерге қойылады. Оған қоса, дәрінің мемлекеттік тілдегі ақпараты қорап сыртына резеңкемен бекітіліпті. Айтпақшы, осы дәріні мен де сатып алдым, блогер А.Хамиттің айтқаны тура шықты. «Әләуәйім таусылса, хәләуәйім тағы бар» дегендей, «СҚ-Фармация» басшылығы бұл былдыққа қатысты: «Тамифлю дәрісі «СҚ-Фармация» ЖШС арқылы Қазақстанға гуманитарлық көмек ретінде әкелінген жоқ» деген шоп-шолак ақпарат жариялады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі «СҚ-Фармация» ЖШС-індегі жемқорлыққа қатысты былдықтарды тергеу 31 шілдеге дейін созылатынын хабарлады. Алайда, бұл мерзімнен 20 күн асса да, атышулы компанияға қатысты ешқандай шынайы ақпарат халыққа таратылмағаны өкінішті-ақ. Десек те, құзырлы агенттіктің басшысы Алик Шпекбаевтың

21 шілдедегі алқалы жиындағы мына сөзі көңілге үміт ұялатқаны рас. «Әлеуметтік желілердегі ақпараттарды мұқият оқығандар халық индетке қатысты ахуалдың өршуіне еліміздегі жең ұшынан жалғасқан жемқорлық, бюрократия мен жауапсыздық бірден-бір себеп болды деп санайтынына келіседі. «СҚ-Фармация», МӘМС және жергілікті атқарушы органдардың бірқатар медициналық мекемелеріне қатысты қылмыстық істердің қозғалуы бұл айыптаудың өте әділ екенін көрсетті. Біз «СҚ-Фармациядағы» жемқорлыққа қатысты жайттарды әрі жедел, әрі сапалы жүргізіміз керек. Оған сырттан сарапшылар шақырамыз. Өйткені біздің талдауымыздың сапасы бұл ұйымның болашақта тиімді және адал жұмыс істеуіне ықпал етеді» деді сол жиында А.Шпекбаев.

### ҚЫЛМЫС ӘШКЕРЕЛЕНДІ, КІНӘЛІЛЕР ЖАЗАЛАНА МА?

Индет ел ішіне ылаң салып, дәрі-дәрмек таппай, дәрігердің көмегіне жете алмай, ауруы асқынған адамдар жантәсілім етіп жатқанда тиісті басшылар дағдарып қалды. Міне, сол кезде халықтың жанайқайын билікке жеткізген кейбір депутаттар қолдан келгенше қарекет жасады.

Турасын айтсақ, 2020 жылы 23 шілдедегі Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашевтың «СҚ-Фармация» мен МӘМС қорына қатысты бейнежазбасы әлеуметтік желілерді дүр сілкіндіргені мәлім. 5 минуттық бейнежазбада депутат аталған құрылымдардың шетелдерден медициналық жабдықтарды өз бағасынан бірнеше есеге қымбатқа сатып алғаны жайында айтылады.

«2012 жылдың 12 мамырында «Ақ жол» фракциясы Денсаулық сақтау жүйесі мен оның құрамындағы ведомствоның «Денсаулық кодексында» сатып алу жүйесіне енгізген өзгерістеріне қарсы на-

разылық жолдаған еді. Біз Маршал аралдарынан дәрі-дәрмектер мен жабдықтарды Қазақстандағы жабдықтар құнынан 4 есеге қымбатқа сатып алғандар жөнінде фактілер келтірдік. Бұл мәселені біз 2013 жылдың 6 ақпанында қайта көтердік. Ал 2013 жылдың 6 қаңтар күні «Ақ жол» фракциясы «СҚ-Фармацияның» препараттарды өндіруші бағасынан, өндірушінің ресми сайтында көрсетілген бағадан 3 есе қымбатқа сатып алғаны жөнінде Бас прокурорға сауал жолдадық. Бұл – дәл осы препаратты өндірушілер, дәл осы препаратты басқа елдерге сатқан бағадан 5 есеге қымбат сома! 2013 жылдың 25 ақпанында Үкімет пен Бас прокуратураға отандық фармацевтикалық компанияларға «СҚ-Фармацияның» кедергі келтіріп отырғанын айтып, сауал жолдадық. Бұл компаниялар Қазақстан нарығына кірген, кәсіптерін жолға қойған компаниялар еді. Ол жерде ұзын-сонар сот үдерісі болды. Соның нәтижесінде сот жергілікті дәрі-дәрмек өндірісінің инвесторларына кедергі келтіріп отырғаны жөнінде мемлекеттік органдарға ресми түсініктеме берген. Осы кедергілердің кесірінен Қазақстан нарығындағы отандық дәрі-дәрмек өндірісінің үлесі 30 пайызға кеміген. «Неге біз қарапайым парацетамолдың өзін шетелден импорттап отырмыз?» дегенді бүгін желілерден жиі оқимыз. Міне, осының барлығына жаңағы жағдайлар себеп. Осының барлығына «СҚ-Фармацияның» отандық өндірушілерді шетелдік компаниялар алдында жығып бергені себеп» деп түсіндірді Азат Перуашев.

### ОТАНДЫҚ ӨНІМ НЕГЕ ӨГЕЙ?

Бұдан бөлек, «Ақ жолдың» басшысы отандық кәсіпкер Қуаныш Керімқұловтың әлеуметтік желідегі жазбасынан үзінді келтірді. «Жарайды, бұлар 2012-2013 жылдардағы мәселелер дейік. Міне, жақында ғана болған жайт. Қуа-

ныш Қазақстандағы алғашқы жеке клиника ашқан адам. Ол 16 шілде күні Медсатандыру қоры пара алып, стационарлық қызмет көрсетуге рұқсат беретін келісімдер жасағаны туралы әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды. Оның жазуынша, медсатандыру қоры 100 және одан да көп төсегі бар әрбір стационарда ӨЖЖ (ИВЛ) аппараттарын қосқанда толық жабдықталған 15 реанимациялық төсек болуы керек деген стандарттарды да елемеген. Демек, 100 және одан да көп төсегі бар әрбір стационарда кем дегенде 15 ӨЖЖ (ИВЛ) аппараттары болу керек еді. Ал мынау индет келген кезде сол ӨЖЖ (ИВЛ) аппараттары болмай шықты ғой. Қаншама адамның өлімі пара үшін осындай келісімдер жасаған осы қордың мойнында деген сөз! Мен осы жазба жарияланған күні-ақ, аталған факті бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне жүгіну үшін, Денсаулық сақтау министрлігіне сауал жолдап, аталған стандарттардың бар-жоғын сұрадым. Егер бізге жақын арада, 10 күннің ішінде жауап бермейтін болса, біз өзіміз Сыбайлас жемқорлық агенттігіне жүгінеміз» деді депутат.

3 тамызға дейін Денсаулық сақтау министрлігінен ешқандай жауап алмаған А.Перуашев Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің басшысы А.Шпекбаевқа жоғарыдағы ақпаратқа орай тергеу жүргізіп, мәліметтер расталған жағдайда тікелей жауапты тұлғаларды жауапкер-

шілікке тартуды ұсынды. Халық қалаулысы «СҚ-Фармацияның» айналасындағы мынадай тағы бір былдықты әшкереледі. Қазақстанда ӨЖЖ (ИВЛ) аппараттарын шығарумен айналысатын «Капитал плюс» атты компания бар. Бұл компания өкпені жасанды желдету аппараттарын 13 миллион теңгеге шығарады. Өнім халықаралық техникалық талаптарға сай. Алайда Денсаулық сақтау министрлігі оларды соңғы уақытқа дейін елемей, дәл сондай аппараттарды шетелден 30 миллионға сатып әкелген. Яғни, бұл ақшаға қазіргіден гөрі 2,5-3 есеге артық ӨЖЖ (ИВЛ) аппараттарын алуға болатын еді. Мұндай мысалдар өте көп.

МӘМС-тің төңірегінде бұрыннан-ақ былдық көп. «СҚ-Фармация» деген дөкей мекемеге ашық, әділ тергеу жүргізсе, барлық былдық ашылады. Өз басым журналистік қызметімде осы «СҚ-Фармацияға» қатысты бірнеше рет материал жаздым. Сонда мекеме басшылығы редакцияларға материалды шығарғаны үшін қоммақты қаражат төлейді. Әрине, жарнамалық материал жағымды жағынан ғана беріледі. Бірақ бірде-бір журналист осы мекеменің айналасындағы кемшіліктерге зерттеу жүргізіп, сыни немесе журналистік зерттеу жасағанын көрмеппін. Өйткені, жұмысы жабық, қызметі түсініксіз. Меніңше, осы мекеменің басшылығы қызметін ашық, әділ жүргізбейінше, былдық-шылыққа бір батқаны батқан, сол күйінде қала береді.

P.S:

Осы мақаланы жазып бітіп, бет қатталып жатқанда Үкіметтің баспасөз қызметі мынадай ақпарат таратты: «Отандық фармацевтика өндірісін одан әрі дамыту мақсатында Үкімет басшысы Асқан Мамин Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бизнес қауымдастығының пікірін ескере отырып, фармацевтика саласын дамыту бағдарламасын әзірлеп, былығы қыркүйек айында жобасын ұсынуды тапсырды». Жемқорлықтың батпағына әбден батқан сала жақын арада өзгере ме, индеттің екінші толқыны үдесе халықты тағы да сарсаңға салмай ма?

# УЛАНУДАН СОҢҒЫ У-ШУ

» Өткен аптада ресейлік оппозиция серкесі Алексей Навальныйдың уланып қалғаны жөніндегі ақпарат дүйім жұртты елең еткізді. Томскіден Мәскеуге бара жатқан жолда ол өзін жайсыз сезініп, ұшақты Омбы қаласына шұғыл қондыруға тура келген. Бұрын ешқашан денсаулығы сыр бермеген саясаткердің мұндай тосын жағдайға ұшырағанын саяси қастандыққа балаған Навальныйдың баспасөз хатшысы Кира Ярмыш Навальныйдың Томск әуежайында ішкен таңғы шайына у қосылғанына сенімді. Сонымен қатар ол былтыр да Навальныйды біреулер улағанын еске салды.



44 жастағы Алексей Навальный – Ресейдегі ең танымал оппозициялық саясаткердің бірі. Ол Мәскеу мэрі және Ресей президенті сайлауларына түспек болған. Бірақ билік рұқсат етпеген. Тек 2013 жылы ғана Мәскеу мэрі сайлауына қатысу мүмкіндігін алғанмен, жеңе алмады. Осыдан кейін сайлау додаларынан үнемі шеттетіліп келеді. Қамауға да алынып, түрмеде де отырған. Бірнеше рет шабуылға ұшырап, көзіне зақым келген. Ол Ресей антикоррупциялық қорын құрып, елдегі олигархтар мен саяси элитаның жасырын байлығын әшкерелеумен айналысып келді. Ол Мәскеу және бүкіл Ресей халқын бірнеше рет митингіге көтерген. Ірі басшылар туралы бірнеше фильм жариялап, олардың коррупциялық жолмен табылған байлығын әшкере қылған ол бұл жолы келесі айда өтетін жергілікті сайлау алдында оппозициялық үміткерлерді ұйымдастыруға көмектесу үшін Сібірге сапар шеккен. Алайда күтпеген жерден жанбақтау бөлімінен бір-ақ шықты.

Емханаға ес-түссіз халде түскен оппозиционердің дертін омбылық дәрігерлер «жағдайы тұрақты, бірақ халі ауыр» деп бағалады. Алдын ала болжамдар бойынша Навальный иіс те, түс те болмайтын «оксибутират натридан» уланған. Бірақ бұл болжам ресми түрде расталған жоқ. Ал Омбы дәрігерлері болса саясаткердің денесінен ешқандай улы зат табылмағанын мәлімдеп, ағзадағы зат ал-

масу бұзылған деп диагноз қойды. Алайда зат алмасуының бұзылуына не түрткі болғаны айтылмады. Бұған наразылық танытқан Навальныйдың отбасы мен жақтастары оны шетелге апарып емдетуді талап етті. Дәрігерлер «науқас жолды көтермейді» дегенді желеу етіп, бұл талаптан бас тартты. Осыдан кейін Навальныйдың әйелі күйеуі жатқан Омбыдағы №1 ауруханаға сенбейтінін айтып, дәрігерлер Навальныйды Еуропада емдеуге рұқсат бермей отыруындағы басты себеп оның ағзасындағы химиялық заттың жоғалып кеткенін күтіп отыр деп мәлімдеме жасады.

Осы жағдайға байланысты Ресей президентінің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков Кремльге немесе Денсаулық сақтау министрлігіне Навальныйды шетелдік емханаға жеткізуді жеңілдету туралы өтініш түссе, билік оны тез арада қарастыратынын айтты.

Саясаткердің жағдайы Еуропа елдерінің басшыларын, халықаралық ұйымдардың, АҚШ-тың лауазымды тұлғаларын да бейжай қалдырған жоқ. Германия канцлері Ангела Меркель мен Франция президенті Эммануэль Макрон саясаткерге медициналық көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді. Біріккен Ұлттар Ұйымы болса Навальныйды әлдекімдердің улағаны расталса, тараптарды толық тергеу жүргізуге шақырды. АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Роберт «Ресей билігінің осы оқиғаға қаты-

сы бар болса, бұл АҚШ пен Ресейдің алдағы қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін» екенін ескертті.

Көп өтпей, яғни 22 тамыз күні әлі есін жимаған саясаткерді Германиядан арнаулы келген ұшақ Берлинге алып кетті. 24 тамыз күні Берлиндегі «Шарите» клиникасының дәрігерлері Алексей Навальный «Ингибитор холинэстераз» тобына жататын улы заттан уланған» деп мәлімдеді. Неміс дәрігерлерінің хабарламасында «тәуелсіз зертханаларда жүргізілген талдауларда Навальныйдың ағзасынан холинэстераз бірнеше рет табылғаны» ашып айтылды. Ингибитор холинэстераз – ацетилхолинэстераз ферменттерінің жұмысын баяулататын химиялық зат. Бұл зат адам ағзасына түссе жүйке жүйесінің, мидың жұмысына кері әсер етеді. Бұл топқа «Новичок» уы да кіреді, 2018 жылы Сергей Скрипаль мен қызы Юлия Скрипаль да дәл осы заттан уланған болатын. Осыдан кейін Германия полициясы Алексей Навальный жатқан аурухананың күзетін күшейтті. Германия канцлері Ангела Меркель және Сыртқы істер министрі Хайко Маас болса дүйсенбі күні Ресей билігін оппозициялық саясаткер Алексей Навальныйға у бергендерді тауып, жауапкершілікке тартуға шақырды.

АҚШ та Германия дәрігерлері таратқан мәлімдемеге алаңдап отырғанын жеткізді. Егер хабарлама расталса, АҚШ оқиғаны жан-жақты зерттеуге шақырған Еуроодақтың ұсынысын қолдап, зерттеуге атсалысуға дайын екенін жеткізді. Тіпті Навальныйға байланысты Ресейге санкция салуы мүмкін екенін ескертті. АҚШ мемлекеттік хатшысы Майк Помпеоның 25 тамызда «Навальныйдың отбасы және Ресей халқы жан-жақты және ашық зерттеу жүргізіп, қатысы бар адамдарды жауапкершілікке тартуға лайық. Біз Алексей Навальный отбасымен біргеміз және ол толық жазылып шығады деп үміттенеміз» деп мәлімдеме жасады. Алайда Кремль баспасөз хатшысы Дмитрий Песков Алексей Навальныйдың жағдайына байланысты іс қозғауға әзірге негіз жоқ деді.

Германиялық дәрігерлердің сөзінше, Навальный әлі де жансақтау бөлімінде ес-түссіз жатыр, дегенмен өміріне қауіп жоқ. «Диагнозға сай, науқасқа антидот атропин беріледі. Дерттің қалай әсер ететіні белгісіз, жүйке жүйесіне ұзақ уақыт әсер етуі де мүмкін» дейді дәрігерлер.

Қысқасы, Батыс елдері Алексей Навальныйдың уланыуына Ресей билігі кінәлі деп ашып айтпағандықтан, барлығының көкейінде сондай бір күмәннің бар екені анық. Алайда нақты дәлел жоқ болғандықтан, ендігі қадам беймәлім.



## ЖАҒАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### БЕЛАРУСЬТЕ ЕРЕУІЛ БАСЫЛМАЙ ТҰР

Беларусьтегі ереуіл басылар емес. Наразылық шеруіне шыққандардың қатары күн сайын молайып барады. Билік Минск көшесіне шерудің жолын бөгеуге полициямен қоса армия сарбаздарын шығарды. Автомат асынған Александр Лукашенко наразыларды «жөнге келтіреміз» деп сес көрсетті.

Ал президенттікке кандидат болған Светлана Тихановская елдегі саяси дағдарысты шешу үшін ресми Минскіне диалогқа шақырды. Қазір Литвада жүрген Тихановская 25 тамызда Еуропарламенттің сыртқы істер комитетімен видеобайланыс кезінде Беларусь билігінен «саяси құқықты құрметтеуді», «саяси тұтқындарды босатуды», «халықты қорқытып-үркітуді» және «қудалауды тоқтатуды» талап етті. «Беларусь оянды. Біз енді оппозиция емесіміз, біз халықпыз» деді ол. Ол әлем елдерін Беларусь халқының еркіндік пен әділдікке ұмтылысын, Беларусь елінің тәуелсіздігі мен шекара тұтастығын құрметтеуге шақырды.



### ТРАМП – ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ҮМІТКЕР

АҚШ-тың республикалық партиясы Дональд Трампты алдағы президенттік сайлауға кандидат ретінде бірауыздан бекітті. «Республикалықтар» мұндай шешімді Солтүстік Каролина штатындағы Шарлотт қаласында өткен жалпыұлттық партия съезінде қабылдады.

Жиында президент Трамптың кандидатурасын 2550 делегаттың бәрі қолдады. Съезге қатысқан Ақ үй басшысы партияның таңдауына байланысты ресми шешімін тамыздың 27-сі күні жариялайтынын жеткізді. Ал Демократиялық партия съезінде Джо Байден ресми түрде АҚШ президенті қызметіне үміткер болып тағайындалды.



### COVID-19 ТУРИЗМДІ ТҰРАЛАТЫП ТАСТАДЫ

БҰҰ бас хатшысы Антониу Гутерриш пандемия салдарынан туризм саласында 120 млн-ға жуық адам жұмыссыз қалуы мүмкін екенін айтты. Бас хатшының мәліметінше, қазір бұл сала дағдарысты бастан кешіріп жатыр. 2020 жылдың алғашқы бес айында халықаралық туристік ағын күрт азайып, аталған қызмет түрінен түсетін табыс көлемі 320 млрд долларға кеміген.

«Бүгінде туризм саласында еңбек ететін 120 млн-ға жуық адамға қауіп төніп тұр. Олардың арасында әйелдер мен жастар көп» деп мәлімдеді Гутерриш. Айта кетейік, соңғы мәлімет бойынша әлемде індет жұқтырғандар 24 миллионға жуықтады. 819 мың адам көз жұмып, 15 миллион адам дерттен сауықты.



## ПРАЙМЕРИЗ КӨШБАСШЫЛАРДЫ АНЫҚТАЙДЫ

«Nur Otan» партиясының праймеризін өткізудің мақсаты – бәсекелестік негізінде партия жұмысын барлық деңгейдегі мәслихаттар мен Парламент Мәжілісінде лайықты көрсете алатын нағыз көшбасшыларды анықтау. Праймериз қағидаттарының бірі ашықтық болса, оның аясында партиялық тізімдерді қалыптастырудың айқын, әділ сызбасы, субъективті факторлардың әсерін төмендету бастамасы басты назарға алынып отыр.

Азамат ретінде, ел халқының мүддесін қорғайтын партия мүшесі ретінде сайланбалы органдарға ең лайықтыларды әділ іріктеу үшін төмендегі мәселелерге назар аударуды ұсынар едім. Менің

ше, үміткер келесі талаптарға сай болуы керек:

– **Патриоттық және адамгершілік.** Өз елін сүйетін адам туған халқы, Отаны және қоғам игілігі үшін жұмыс істейді. Адамгершілігі

бар адам өз ар-ожданынан ақтамайды. Бұл – қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жоюға апаратын бірінші баспалдақ.

– **Жоғары азаматтық ұстаным.** Әдетте, өзінің азаматтық ұстанымы бар адамдар

әрқашан өз пікірін білдіреді. Олар халықтың, өз елінің тағдырына немқұрайлы қарамайды. Белсенді, танымал, белгілі бір өңірде беделді болады.

– **Мемлекеттік тілді білу.** Заңдарды қазақ тілін жақсы меңгерген депутаттар халыққа түсінікті, ұғынықты қылып жазулары тиіс. Бұл елдің халықаралық кеңістіктегі имидждік саясатына да оң әсерін тигізеді.

– **Өз саласының кәсіпқойлары.** Қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін экономиканың қай саласын қалай түрлендіру керектігін іс жүзінде айта алатын және нақты ұсына алатын, тек жоғары білімі ғана емес, жеткілікті өмірлік тәжірибесі мен өз саласындағы нақты

жетістіктері бар адамдар болуы керек (мемлекеттік құрылымдарда жоғары лауазымдарға тағайындау немесе ұсыну кезінде де бұл қасиеттерді ескеру қажет).

Көптеген заңдар экономикалық және әлеуметтік сипатта болғандықтан, депутаттар арасында білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп және кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы салаларының мамандары, сондай-ақ заңгерлер, экономистер, әлеуметтанушылар, басқа да сала өкілдерінің болуы міндетті.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін үміткерлер депутаттыққа сайланған жағдайда, Қазақстанның өркендеуіне жол ашатын сауатты, әділ және пәрменді заңдарды шығару үшін бар-



лық күш-жігерін жұмсайды деп санаймын.

**Қайырлы ТАУКЕН,**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатындағы  
«Nur Otan» партиясы  
депутаттық фракциясының жетекшісі

## ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОРЫНДАЛДЫ

Жақында Р.Қошқарбаев, 80/1 мекенжайы тұрғындары Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Мирас Шекеновке өтініштерін жолдады. Көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға арнап салынған тұрғын үйдің жертелелерін жөндеу қажеттілігі туындады. Депутаттың сеп болуымен бюджеттен тиісті жұмыстарға 37,5 млн теңге бөлінетін болды. Бюджетті нақтылағанда депутаттар дәл осындай көлемдегі қаржыны бағдарлама әкімшісі қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясына бөлуді қолдады.

Аталған мекенжайдағы тұрғын үйдің салынғанына көп уақыт бола қоймаса да, М.Шекенов жауапты мекеме өкілдерімен бірге жағдаймен танысу үшін тұрғындармен кездескенде, жертелелерге күрделі жөндеу керектігіне көз жеткізді.

Тұрғын үйдің жертелелерін су басады. Осындай жағдай жылда қайталанатын. Соның салдарынан подъездерде ғана емес, пәтерлерде де дымқылдық сезіледі. Қабырғалар көгеріп, онда саңылаулар пайда болған. Іргетастың гидроқшаулау жүйесі де нашар. Іргетасы түсіп кеткендіктен, жертеле қабырғалары сөгілген. Үйді салған құрылыс компаниясы қателерді жіберген. Сондай ағартықтар суағар жүйесі мен дренаж монтаждалғанда кеткен. Жалпы алғанда, жертелелер сапасыз салынған.

Депутат мән-жайға қаныққан соң, бюджетті кезекті нақтылау кезінде мәселе көтерді. Оның ұсынысы қабылданып, Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасына жалпы 95 млн



теңге бөлінсе, оның 37,8 миллионы бұл үйдің жертелелерін жөндеуге жұмсалатын болды. Қазіргі кезде Алматы ауданының әкімдігі жертелелерден суды соруды жүргізіп жатыр.

Әрине, тиісті жұмыстарды суық түскенше аяқтау керек. Мәслихат депутаттары осыған назар аударды. Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасындағылар уақытша сор-

ғылар орнатылғанын, әзірге олар дұрыс жұмыс істеп жатқанын жеткізді. Қаржы аударылғаннан кейін мердігерлер арасында ағымдағы жөндеуді өткізуге конкурс жарияланады. Барлық жұмыстар қазан айының аяғына дейін аяқталмақ. М.Шекенов атқарылатын жұмыстардың кестесін сұрап, үй проблемаларын шешу мәселесін жеке бақылауына алды.

Кеше «Zoom» сервисінің платформасында онлайн форматта Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы өтті. Мәслихат депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, тағы басқа мәселелер қаралған сессия жұмысына қала әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысты.

## СЫРТҚЫ ЖАРНАМАНЫҢ ТҮСІМІ АРТТЫ

Мәслихат депутаты Ақылбек Күрішбаевтың Парламент Сенатына сайлануына байланысты өкілеттігі тоқтатылды. Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен таныстырған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Владимир Редкокашин депутаттың өкілеттігі еліміздің Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңымен реттелетінін айтып өтті.

Одан кейін сөз алған депутат Ерлан Сыдықов Сенатқа сайланған әріптесіне ақ жол тіледі.

Жақында елорда аумағында сыртқы көрнекі жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автокөлік жолдарының бөлінген белдеуінде немесе белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары әзірленді. Осы құжатпен және қала әкімдігінің жер комиссиясының өзгерген құрамымен қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев таныстырды.

Сессия алдында өткен қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында депутат Қарақат Абден осы сыртқы көрнекі жарнамадан бюджетке түсетін салық мөлшерін сұрады.

– Биыл сыртқы көрнекі жарнаманы орналастырудан бюджетке түсетін салық мөлшері өсті. Бұрын бұл 326 миллион теңгені құраса, қазір 600-800



миллион теңгеге дейін өсті. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Салыстырмалы түрде айтқанда, Алматы қаласында сыртқы көрнекі жарнамадан 3 миллиард теңгеден астам қаржы түседі. Яғни бізге бұл бағытта әлі де еңбектену керек деп ойлаймын, – деп жауап берді бұл сауалға Н.Ұранхаев.

Ал әкімдіктің жер комиссиясының құрамы 13 адамнан 9 адамға қысқарды. Оның себебін қала әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов түсіндірді.

Былтыр қалалық мәслихат депутаттары кәсіпкерлерге салықтық ставка мөлшерін төмендетті. Атап айтқанда, боулингке 72 айлық есептік көрсеткіштен 30 АЕК-ке төмендетіліп, айырбастау пункттеріне 70 АЕК белгіленді. Бірақ содан кейін Салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Соған сәйкес ставка мөлшеріне қайта өзгеріс енгізілді. Бұл туралы

айтқан қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмұрзаев депутаттарды аталмыш өзгерістермен таныстырды.

Иммунотәпшылығы бар және онкологиялық аурулармен ауыратын балаларға тоқсан сайын 5 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек қарастырылған. Осы жөнінде баяндама жасаған қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина бұл жәрдем көлемін ай сайын 25 АЕК-ке дейін көтеруді ұсынды. Сондай-ақ қалаға «көгілдір отынның» келуіне байланысты әлеуметтік осал топтарға газ құбырын тарту қарастырылғанын жеткізді.

Сессияда айтылған ұсыныстар мен таныстырылған құжаттарды мәслихат депутаттары бірауыздан бекітті.





## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ ЖӨНДЕУДІҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

» Елордада «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020-2021» бағдарламасы аясында жүзден астам жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның ішінде абаттандыру жұмыстары, жолдар мен инженерлік желілерді қалпына келтіру, жаңа желілерді тарту, көшелерді салу, әлеуметтік нысандар құрылысы мен олардың күрделі жөндеуден өткізілуі бар. Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары «Nur Otan» партиясы қалалық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мүшелерімен бірге сондай жұмыстармен танысты.

### КОЛЛЕДЖ ЖАТАҚХАНАСЫ СҮРЛЕДІ

– Басты мақсатымыз бюджет қаржысының жұмсалыуы мен атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын қадағалау, нысандарда жаңа жұмыс орындарын құру көрсеткішімен танысу болды, – деді мәслихат депутаты Мирас Шекенов.

Аталмыш топ, негізінен, білім беру нысандарын аралады. Алдымен комиссия политехникалық колледжге барды. Мұнда студенттерге арналған жатақханаға күрделі жөндеу жұмысы басталып, орта жолдан тоқтатылған. Мұның себебі жұмыстар барысында нысан іргетасы мен көтергіш құрылымдарының сөгілгені анықталды. Сондықтан жұмысты әрі қарай жалғастырмай, апатты жағдайдағы жатақхананы сүру туралы шешім шығарылды. Студенттерді орналастыру мәселесін колледж басшылығы шешті.

### МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Көлік және коммуникация колледжін, М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының бассейні мен шаты-

рын жөндеу аяқталып қалды. Мұнда комиссия тарапынан ешқандай ескертулер айтылған жоқ.

А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейді жөндеп жатқан мердігер біраз кемшілік жіберген. Біріншіден, қажет қондырғылар уақытылы жеткізілмегендіктен, қасбет пен желдету жүйесін жөндеу басталмаған. Әрине, сол себептен нысанды тапсыру мерзімі кешеуілдеп жатыр. Мердігерге сол үшін ескерту айтылды. Комиссия нысанды бақылауға алып, қайта айналып соғатын болды.

### «ҮРКЕРДЕ» ШАҒЫН БАҚ АШЫЛАДЫ

№37 «Арман» балабақшасы мен №32 «Балдәурен» балабақшасын жөндеу кестеге сай жүргізіліп жатыр. Осы айдың басына қарай тиісті жұмыстардың 70 пайызы орындалды. Мердігер қыркүйек айына дейін барлық жұмыстарды аяқтауға уәде берді.

«Үркер» тұрғын алабында қоғамдық кеңістікті абаттандыру жүргізіліп жатыр. «Бұл – менің сайлау аймағым. Осы жерде Н.Хикмет, Ф.Достоевский, С.Қожанұлы көшелері

квадратында 4293 шаршы метр аумақта және Ақтамберді жырау-Үмбетей жырау көшелерінде 10154 шаршы метр кеңістікте баскетбол, балалар алаңдары салынып, тренажерлер орнатылады. Бұған қоса, бұл жерде шағын бақ болады. Кестеден қалу жоқ. Барлық жұмыстар осы жылдың 1 қазанына дейін аяқталуы тиіс» дейді Мирас Шекенов.

Бір айта кетерлігі, «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020-2021» бағдарламасы аясында осы уақытта 15 мың жұмыс орны құрылды. Соның ішінде Есіл ауданында екі мыңға жуық адам жұмыс тапты. «Үркер» тұрғын алабы дәл осы ауданға қарайды.

### ЖАСТАР САРАЙЫ ҚАШАН ТАПСЫРЫЛАДЫ?

Мәдени нысандарды күрделі жөндеу жұмысы біраз мәселе туындатып отыр. Мәселен, Жастар сарайын жөндеу жобасына түзету енгізуге тура келді. Соның салдарынан нысанды тапсыру мерзімі шегерілді. Қазір жылу құбырына қосылуда проблемалар бар. Негізі, нысан осы жылдың аяғына



дейін тапсырылуы керек еді. Бірақ мердігер оған дейін үлгермесе, бөлінген бюджет қаржысы да игерілмейді.

Жақында бұл мәселе қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысында қаралды. Депутат Рамзия Өмірбаеваның дерегінше, нысанды жөндеуге бюджеттен 1 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Бірақ жұмыстар баяу жүріп жатыр. – Жұмыстың сылбырлығына, нысанға тартылған жұмысшылардың санына қарағанда, жылдың аяғына дейін іс бітпейді. Осыған байланысты бөлінген қаржыны игеру деңгейіне талдау немесе оны бақылау жұмысы жүргізіліп жатыр ма? – деген сауалды жолдады депутат.

Оның сауалына жауап берген қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау

басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев Жастар сарайын күрделі жөндеуге «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 1,9 миллиард теңге бөлінгенін жеткізді. Оның айтуынша, бұл жобаны жүзеге асыру биылғы сәуір айында басталды. Сол кезде бюджеттен тиісті жұмыстарға 100 пайыз қаржы бөлінді. Бірақ жөндеу барысында кейбір маңызды мәселелер ескерілмегені анықталды.

– Өкінішке қарай, жобаны жасаған ұйым, техникалық бақылау және мердігер арасында даулар туындады. Қазір олар бір мәмілеге келді. Бірақ қаржыны игермеу қаупі туындағандықтан, ведомствоаралық комиссия отырысында 800 миллион теңгені шегеру туралы шешім шығарылды. Қазір 400 миллион теңгені

игеру ғана қалды. Мәдениет басқармасы жыл аяғына дейін жөндеу жұмыстары аяқталады деп отыр. Алайда қосымша қаржыландыру мәселесі туындауы мүмкін. Бәлкім шегерілген қаржыны жобаға қайтару сонда керек болады, – деді Қ.Маңқараев.

Мәдениет басқармасы нысанды жөндеуге бөлінген қаржыны қайтаруға тура келгенін растады. Басқармадағылар қаржы игерілмей қала ма деп қорыққан. Алайда бюджетті кезекті нақтылау кезінде қайтадан ақша сұрауды жоспарлап отыр. Сонымен негізгі жөндеу жұмыстарын осы жылдың соңына дейін аяқтамақ. Нысанды келесі жылдың наурыз айының аяғына дейін толығымен пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Тиісті кесте әзірленген.

Беттерді дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ



## БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ

» Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары Қарақат Абден және Илья Мещеряков қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовпен кездесіп, қазіргі қысылтаяң шақта халықтың денсаулығын қорғау мәселесін талқылады. Өз ұсыныстарын жеткізді.

– Индетке қатысты соңғы ақпараттар бізді үміттендіріп отыр. Бірақ індеттің беті қайтты деуге әлі ерте. Қайта осы кезеңді пайдаланып, келесі болуы ықтимал толқынға жан-жақты дайындалуымыз керек, – деді Қ.Абден.

Депутаттар осы жазда орын алған дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігі, ИВЛ аппараттарының тапшылығы, жедел жәрдем көліктерінің кешігуі сияқты мәселелерді кө-

терді. Басқарма басшысы қазір ол жұмыстардың жолға қойылғандығын, келуі мүмкін жаңа толқынға барынша дайындалып жатқанын айтты.

Қ.Абден денсаулық сақтау саласы бойынша барлық ақпараттар жинақталатын ахуалды орталықты ашу қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша, мұнда ауруханадағы бос орындар саны, қажетті құрылғылар жағдайы көрсетілуі тиіс.

– Индет басталғанда осы ақпараттар халыққа жетпеді. Нәтижесінде денсаулық саласындағы жұмыс тұралап қалғандай болды, – деді депутат.

Артынша депутаттар қалалық бюджетті нақтылау кезінде Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына дәрі-дәрмек пен КТ, өкпеге ауа жеткізу сияқты қажетті аппараттарды, вакциналарды сатып алуға қосымша 389,5 млн теңге бөлінуін қолдады.

» Біз қазіргі кезде қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ» деп сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Біріне-бірі жалғасқан әліпби ауыстыру мен орынды-орынсыз емле құрастыру осындай жайға алып келді. Оп-оңай көрінген қазақ тілінің дыбыс құрамын түгендей алмай әлек болып жатқанымыз да сондықтан.

Кез келген қазақтан (ересек болсын, бала болсын) «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деп сұрасаң, бәрінің берер жауабы біреу-ақ, «42 дыбыс бар» дейді. Бұл, әрине, олардың кінәсі емес, мектептен бастап жоғары оқу орнын бітіргенге дейін «42» деп тоқпақтай берсе, кім де болса соған ұйып қалады. Ұйып қалғандардың арасында, өкінішке қарай, қазақ тілі пәнінің мұғалім-оқытушылары барын қайтерсің. Олар да «қырық екі» демесе де, соған жете жығылып жатады.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтау сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған болатын. Сол дәуірдің өкілі В.Радлов 31 дыбысты атайды, оның құрамындағы бір дыбысты арнайы у таңбасымен белгілейді және ол дыбыстың ағылшын тіліндегі у дыбысымен ұқсас екенін атап, «жартылай дауысты» деп көрсетеді. «Жартылай» деп отырғанының мәні бар: дыбыс жасалым/естілім жағынан дауыстыға жақын. Келесі кезеңде, XX ғасырдың басы, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 29 дыбыс бар деп көрсетеді. Ахаң анықтаған құрамда да «жартылай дауысты» кездеседі. Қазақ тілінің алғашқы латын әліпбиінде (1929-39 жж.) v таңбасымен белгіленіп келді. Бертін келе дауыссыз мәртебесі ескеріліп, ұу/уу тіркестерінің құрамында 1957 жылға дейін у түрінде дербес жазылды. Ал академик І.Кеңесбаев бастаған зерттеушілер 43 дыбысқа тоқтады, 43 болып тұрған себебі у таңбасы дауыстының құрамында бір рет, дауыссыздың құрамында тағы бір рет кездеседі. Ал 1957 жылы «қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның емле-ережесіне де жетті. Сөйтіп қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің у дыбыс/таңбасы ендірілді. Сонымен кірме у таңбасы қазақтың төл дауысты дыбыстарының құрамына «дауысты» болып қосыла кетті. Кез келген ғылыми-теориялық еңбек немесе оқулық бетін ашыңыз, оқу-құралының немесе әртекті мақаланың бетін ашыңыз, алдыңыздан дауысты у шыға келеді. «Сасқан үйректің» кебін киіп, «дауыссыздан кейін дауысты болады, дауыстыдан кейін дауыссыз болады» деп амалдап келе жатырмыз. Қазақ тілінде дауысты барлық уақытта дауысты болатыны, дауыссыз барлық уақытта дауыссыз болатыны санамызға жетпей қойды.

Осы саяси әліпби реформасының жемісін енді «теріп-жеп» отырмыз. Қазіргі ұрпақты қазақ

# БАҒЫ ЖАНБАҒАН БІР ДЫБЫС



тілінде дауысты у дыбысы жоқ деп сендіре алмай отырғанымыз сондықтан.

Соңғы жылдары жарық көрген академиялық еңбектерде у таңбасымен белгіленіп жүрген дыбыстың ақиқат мазмұны анықталып берілді: «у (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс». Дауыссыздың ақиқат анықтамасы осы болып табылады. Оның қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (модельде) өзінің орны бар.

Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да көпшілікті шатастырмас үшін у таңбасының іргесіне w таңбасын қосақтап у (w) деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ немесе МФА – международный фонетический алфавит) үлгісі бойынша таңбасы w болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз.

Енді неге «шала дауысты» немесе бірде дауысты, бірде дауыссыз болып жүргеніне тоқталайық. Өйткені: бірінші, оның жасалуы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, себебі ауыз қуысында кедергі жоқ; екінші, оның тілдегі қызметі дауыссызға ұқсайды, себебі буын құрай алмайды. Тіл жүйесінде оның екінші қызметі басым болып есептеледі, сондықтан да ол дауыссыз дыбыс болып саналады.

сының естілімін еске түсіреді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт. Бүлдіршіндер мен бірінші сынып оқушыларына арналған оқу-құралдарынан бастап уық, уыс, т. б. «сөздер у дауысты дыбысынан басталып жатыр». Орыстақы у таңбасының машақаты бір мұнымен бітіп жатқан жоқ. Сөздіктер тізбегіндегі ұ, ү әріптерінің құрамында тұратын ондаған-жүздеген сөздер «адасып» у әрпінің соңында жүр. Әзірге тек өз басындағы буынға қатысты «адасуларды» ғана көріп отырмыз. Ішкі әліпби тізбегіне қатысты «адасуларды» компьютер бағдарламасының көмегі болмаса, көзбен көріп, қолмен түгендеу мүмкін емес.

Ал неге қазақ тілінің төл дауыссыз дыбысы осы бір төркіні бөлек у таңбасына байланып қалды? Өйткені орыс тілінде мұндай дыбыс жоқ, сондықтан кирилл құрамында оны белгілейтін арнайы таңба да жоқ. Бірақ «жалған естілімге» себеп болып жүрген дауысты дыбысының у таңбасы бар. Осы әріп оп-оңай қазақ әліпбиіне көшіп, w дауыссызының таңбасына айналып кетті. Сөйтіп қазақ орфографиясының құрамында әбден орнығып алды. Ендігі жерде кириллдің у таңбасы мен дыбысынан құтылу оңай болмай, тіптен, мүмкін болмай отыр.

Тіліміздегі w дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы, ау тіркесінің екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі ұу тіркесінің дыбыс құрамын бір у дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны – оқу-әдістемелік дайындық пен психологиялық шеберлік. Алғашқы ау тіркесінің бірінші сыңары ашық дауысты а айқын естіледі де, екінші сыңары w дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші ұу тіркесінің бірінші сыңары еріндік қысаң ұ мен тағы еріндік w дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді. Сөйтіп орыс тілінің у дауыстысы тәрізді естілім әсер қалдырады. Орыс тілінің у дыбысы нығыз айтылады, ал қазақы тіркес босаң айтылады.

Егер w дауыссыз дыбысының жазылым емле-ережесі дұрыс құрастырылса, онда сөздің үн-

десім әуезі, морфем және буын құрамы, тасымал реті мен сөйлем ырғағы бұзылмайтын болады.

Жуан әуезді сөздер құрамында: – жуан әуезді қысаң Ұ[u] мен үнді жуысыңқы У[w] дауыссызының тіркесі ҰУ[uw] болып жазылады;

– сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз ұ[u] дауыстысынан басталады:

у (ұу) [uw], уық (ұ-уық) [u-wuq], уыс (ұ-уыс) [u-wus], уақыт (ұ-уа-қыт) [u-wa-qit];

– сөз ортасында: туыс (тұ-уыс) [tu-wus], суық (сұ-уық) [su-wuq], жуан (жұ-уан) [ju-wan], шаруа (ша-рұ-уа) [ʃa-ru-wa], оқушы (о-құу-шы) [o-quw-ʃi];

– сөз соңында: ту (тұу) [tuw], су (сұу) [suw], бу (бұу) [buw], алу (а-лұу) [a-luw], толу (то-лұу) [to-luw], оқу (о-құу) [o-quw], қару (қа-рұу) [qa-ruw];

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

– жіңішке әуезді қысаң Ү[ü] мен үнді (жуысыңқы) У[w] дауыссызының тіркесі ҮУ[üw] болып жазылады;

– сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз ү[ü] дауыстысынан басталады: үіл (ү-үіл) [ü-wül], уәде (ү-уә-де) [ü-wä-de], ү-уәж (ү-уәж) [ü-wäj], уәли (ү-уә-лий) [ü-wä-liy], үззір (ү-уә-зір) [ü-wä-zir];

– сөз ортасында: сурет (сұурет) [süw-ret], келуші (ке-лү-ші) [ke-lüw-ʃi], сенумен (се-нүү-мен) [se-nüw-men], секіруге (се-кі-рүү-ге) [se-ki-rüw-ge], келуі (ке-лү-уі) [ke-lü-wi];

– сөз соңында: күлу (кү-лүү) [kü-lüw], тілу (ті-лүү) [ti-lüw], күту (кү-түү) [kü-tüw].

Еңдеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кириллдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз. Сондықтан алдымен қазақ мәтініне «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Сонан соң барып қазақ тілінің төл дыбыстарын латын әліпбиіне көшіреміз. Осындай реформаның нәтижесінде қазақ тілінің:

– төл дыбыс құрамы кірме таңбаларсыз таза анықталады;

– төл дыбыс құрылымы (жү-йесі) сақталады;

– морфем құрамы бұзылмайды;


– буын тұрқы жаңсақ жіктелмейді;

– тасымал реті сетінемейді;

– сөйлем ырғағы сақталады. Латын әліпбиіне өту үстіндегі жазу реформасының басты нәтижесі осы болмақ.

Өкінішке қарай, бұл дыбыстың ақиқат [w] таңбасына латын негізіндегі жаңа апостроф әліпбиімізден де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы у[u:] дыбысының кебін киіп қалды. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала-жансар әліпбиі тамұғынан аршып алар екен, әлде біздің көз алдымызда өшіп құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да дәрменіміздің келмегені ғой.

Әлімхан ЖҮНІСБЕК,  
филология ғылымдарының докторы, профессор



Пішіндемеден көрініп тұрғандай, у (w) дауыссыз дыбысы құрылымның (модельдің) бір бұрышын ұстап тұр. Егер у (w) дауыссыз дыбысы жоғалатын болса, онда пішіндеме (модель) түгел қаусап түседі. Бұл – тіл дыбыстарының құрамынан бір дыбыс жоғалса, бүкіл жүйесі (системасы) бұзылады немесе бір бөгде дыбыс енетін болса, тілдің дыбыс жүйесі (системасы) түгелдей бүлінеді деген сөз.

Дауыссыз w дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы w. Еңдеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай бы, ды болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, ұу (уу емес) түрінде айтылады. Сондықтан ұу тіркесінің айтылымы орыс тілінің у дауысты дыбы-

» 25 тамызда «Ақ жол» демократиялық партиясы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтымен бірлесіп, «Қазақ Республикасының 100 жылдығы және оның құрылуындағы Алаш қайраткерлерінің рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция өткізді. Онлайн түрде өткен конференцияға партия төрағасы Азат Перуашев, «Алаш» мәдениет және рухани жаңғыру институтының директоры Сұлтан Хан Аққұлы, Мәжіліс депутаттары, шетелдік және отандық алаштанушы ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысып, Қазақ Республикасы мен Алаш зиялылары жөніндегі өрелі ойларын ортаға салды.

ды. Сонымен, жоғарыда атап өткен екі жоба қатар өмір сүре бастады. 1918 жылдың басынан бастап большевиктер шабуылы күшейе түсті, сондықтан Алаш көсемдері жасырынуға мәжбүр болды. 1917 жылы желтоқсанда жоспарланған идеялар толық жүзеге аспады» деді ресейлік тарихшы.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аққали Ахмет Қазақстан шекарасын бекітуге атсалысқан мәлім әрі беймәлім тұлғалар туралы

## ДИНИ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

» Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің дамушы және дамыған елдерден ерекшелігі – қоғамдағы діннің нығаюы мен елдегі діни ахуалдың тұрақты болуы.

Біздің мемлекетіміз көпұлтты, демократиялық мемлекет болғандықтан, дін мәселесі жөнінде барлық азаматтарға қай дінге кіруіне, қандай дінде болуына еркіндік берілген. Осыған орай, еліміздің жарқын болашағын қалаушы жас ұрпақтарымыздың санасын улап жатқан жат ағымдардың мән-мағынасын, әсер ету жолдары мен тигізер зияндары да аз емес. Қазіргі кезде жастар мұндай діни ағымдардан өте сақ болуы керек. Себебі мұндай діндерге кірген адам қайтадан шығуы өте қиын. Өйткені өздеріне тәуелді етіп, адам санасын тереңінен улайды.

Дәстүрлі дінімізбен мүлдем үйлеспейтін кейбір сан алуан пікірлер мен ұстанымдардың салдарынан туындайтын түрлі келеңсіз мәселелер алаңдатады.

Бүгінде асыл дінімізбен мүлдем жанаспайтын жат ағымдар жетегінде кеткен қаншама қандастарымыз отбасы мүшелерінен, үй-меншіктерінен айырылып, түрлі психикалық ауруларға шалдығып, өз-өзіне қол салып, балаларына тиісті медициналық көмек ектіруден бас тартып, мектептегі сабақтарын тастап, мектеп жасындағы ұл-қыздардың музыка тыңдауына қарсылық білдіріп, Мемлекеттік Әнұранды тыңдауды және Туа құрмет көрсетуді харам деп жатқандарын да жоққа шығаруға болмайды.

Соңғы уақытта кейбір отбасыларда әкесі бір дінді, баласы бір дінді, анасы бір дінді ұстанатын халге келдік. Осындай отбасыларда кикілжің туатын болса, әркім өз жақтастарын мәселеге араластырып, арты бітпес жанжалға ұласып кетуі мүмкін. Қоғамға іріткі салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын жастардың санасына ұғындыру қажет.

Біріншіден, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне зиян тигізетіні білуі керек. Қайсы бір сектаны алатын болсақ, ешбірі қазақтың мұңын мұңдап, күйін күйттеу үшін келмегені анық. Түрлі сектаның жетегіне кету арқылы отбасын ойрандатып, қоғамды шулатып, тыңшылық, экстремистік, террорлық іс-әрекет жасап, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне орасан зиянын тигізуі мүмкін.

Дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберудің бір тәсілі – түрлі діни ағымдар арқылы қоғам ішінде іріткі тудыру. Мәселен, ислам әлемінің тарихына қарасақ, дұшпандары майданда жеңе алмаған соң мұсылмандарды әлсірету үшін түрлі теріс ағымдарды қолдан жасап, мұсылман жамағатын бір-бірімен араздатып, ынтымақ пен бірлікті ыдыратып, мемлекетті әлсіреткен.

Ең дұрысы, жастарымыз өзіміздің дәстүрлі ислам дініндегі шарият бойынша жүрсе ешқашан адаспайды, теріс жолға түспейді.

Болашақ – жастардың қолында. Жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз исламға баулысақ, түрлі жат ағымдардың жетегінде кетпейтін болады. Сонымен қатар иманды жас Отанын, елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін берік ұстайтын болады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Отанды сүю – иманнан» деген. Мәңгілік елдің тірегі – құндылықтарында. Сол құндылықтардың бірі – дәстүрлі дініміз.

Діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы. Бұл мәңгілік дін қай халықтың болмасын мәдениетінің рухани негізі екенін ескеруіміз керек.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Жастайынан бойына ізгілік, имандылық, отансүйгіштік, кішіпейілділік, адалдық секілді қасиеттерді сіңіру мен тәрбиелеуде отбасы маңызды рөл атқарады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, баланы балабақшадан бастап тұлға ретінде қалыптастыруға, мектеп қабырғасында тілімізді, мәдениетімізді қастерлеуге, жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарымызды дәрiптeуге үйретуіміз қажет. Тек сонда ғана осындай теріс пиғылды діни ағымдарға бөгет қоя аламыз. Дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру және діни сенімдерді насихаттау арқылы теріс пиғылды діни ағымдардан, діни терроризм мен экстремизмнен сақтай аламыз. Жас ұрпақтың санасына және қоғамға іріткі салатын дәстүрлі емес, теріс пиғылдағы, деструктивтік діни ағымдардан сақтанудың жолдарын жастардың санасына ұғындыру қажет.

# ШЕКАРАНЫ АЙҚЫНДАҒАН ШЕШІМ

ЕЛОРДАДА ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жиналысқа қатысқан мамандар Алаш ұлттық автономиясы мен биыл құрылғанына 100 жыл толған Қазақ автономиялы республикасының тарихи алғышарттары, олардың заманауи мемлекеттік қалыптастыру жолындағы қызметі және қазіргі тәуелсіз Қазақстан үшін маңызын жан-жақты талқылады. Алаш автономиясының ел тарихында алатын орны, Алаш қайраткерлерінің сіңірген еңбегі және оларды ел жадында сақтау мәселелері жөнінде келелі кеңес өткізді.

1920 жылы 26 тамызда Кеңес үкіметі Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен РКФСР ХКК «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы» декрет қабылдады. 4-12 қазан аралығында Орынборда Қазақ автономиясының үлкен съезі өтті. Мамандардың пікірінше, осы жылғы Қазақ Автономиялық Республикасының құрылуы Кеңес үкіметінің қазақ халқына қайырымдылық жасаға-

ды. Қазақтың саны 1 пайыздан аспайтын Орынборда қанша қиындық болса да, кадрлар жетіспесе де, автономияның басында отырған жігіттер көп жұмыс істеді. Тіпті 1924-1925 жылдары Алаш зиялылары қазақтың территориясына қазақтың түпкі жерлерін жинап алды. Тек 1928-1929 жылдары Алаштың мықты азаматтары жұмыстан шеттетілген соң Омбы қаласы мен Омбы уезін РКФСР құрамына енгізу туралы шешім қабылданды» дейді ғалым.

Конференцияда ресейлік тарихшы Виктор Козодой «тарихи шешімде Алашорда идеясы жеңгенін» баса айтып, Алаш идеясының мықты болғаны сондай, большевиктер оларды елеусіз қалдыра алмай, ымыраға келгенін, Алаш зиялылары Қазақстанның шекарасын бекітуде зор рөл атқарғанын айрықша атады. «Саяси тәжірибе тұрғысынан, 1917 жылдан бастап екі жоба қатар жүзеге асырылды. Бұл – Алаш жобасы және Кеңес жобасы. 1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақтық съезде Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылданып, басқару органы – Алаш Орда құрыл-

айтты. «1920 жылы Қазақ Республикасы құрылған кезден бастап Қазақстан мен Ресей шекарасы бірінші рет өзгеріске түскені белгілі. Мұстафа Көкебаев 1920 жылы Жер комитетінің төрағасы, губерниялық атқару комитетінің жауапты хатшысы болып, жаңадан іргетасы қаланып жатқан Қазақ Республикасының жариялануы үшін қызмет атқарған. Ол сол кезде Қазақстанның батыс шекарасының бір бөлігін нақтылап, қай аумақ біздің шекара аумағына кіру керек екенін түйемен жүріп картаға түсірткен. Ол – елдің шекарасын белгілеуге ерекше еңбегі сіңген азамат. Ендеше ұлты үшін аянбай еңбек еткен, Қазақстан шекарасын белгілеуге атсалысқан тұлға Атырау, Орал, Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтаннан бір көше атауын берсе – ескерусіз қалған тұлғаны құрметтегеніміз болар еді. Уәлихан Танашев те Қазақ Республикасын құрумен айналысқан бірден-бір тұлға. Өкінішке қарай, оның атында елімізде не дұрыс көше, не ескерткіш жоқ. Қазақ шекарасын бекітуге үлес қосқан тұлғаларды әрдайым насихаттауымыз керек» деді ол.



нынан емес, керісінше, біраз жылдар бойы өз елінің азаттығы үшін күрескен Алаш арыстары большевиктік билікті қазақ халқының мүддесімен санасуға мәжбүр етті. Яғни Қазақ Республикасының пайда болғанының басты себебі Алаш көсемдері жариялаған Қазақ елінің қайсарлығы, өр рухы, ұлттық ұстанымдары болды.

Жиналыста сөз алған тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов Алаш зиялыларының ел үшін еткен еңбектеріне тоқталды. «1920 жылы 3 миллиондай халық автономия құрамында болса, 1925 жылы 6,5 миллионға дейін шарықта-

**1920 жылы 26 тамызда Кеңес үкіметі Бүкілресейлік орталық атқару комитеті мен РКФСР ХКК «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы» декрет қабылдады. 4-12 қазан аралығында Орынборда Қазақ автономиясының үлкен съезі өтті**

Онлайн басқосуда Алаш автономиясы мен Алаш зиялылары туралы бұдан басқа да көп деректер айтылып, осы бір тарихи естеліктерді қайта ақтарып, бүгінгі дәуір тынысымен үндестіру жағында «Ақжол» партиясының жүйелі жұмыстар атқарып жатқаны айтылды. Конференция соңында қатысушылар барлық ұсыныстарды ескере отырып, Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы маңызды белес болып саналатын Қазақ Республикасының құрылуы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси жағдайларды тереңірек зерттей түсу қажет деген ұйғарымға келді.

**НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

ЖОБА

**Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы 1-бабы 31-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелген;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуы;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1, 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М.Мәкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б. Мәкен**

**«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Шәукентаев**

**«Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ш. Қадырова**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ қаулысына қосымша**

**Әкімдіктің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. «Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі №107-1336 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №93479 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қыркүйектегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 17 қыркүйектегі №103 (3308) «Астана ақшамы», №103 (3326) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

2. «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы №107-1346 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №93839 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 қазандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 19 қыркүйектегі №104 (3309) «Астана ақшамы», №104 (3327) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» және «Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 тамыздағы №107-1485 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №94117 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 қазандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 3 қазандағы №110 (3315) «Астана ақшамы», №110 (3333) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

4. «Қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын орган көрсететін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі №107-1565 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №94631 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қазандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 22 қазандағы №118 (3323) «Астана ақшамы», №118 (3341) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

5. «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін арнайы білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі №107-1662 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №94934 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 қарашадағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

6. «Орта білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі №107-1679 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №95264 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қарашадағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 14 қарашадағы №128 (3333) «Астана ақшамы», №128 (3351) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сала-

сында жергілікті атқарушы орган көрсететін мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қазандағы №107-1900 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №96197 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қарашадағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 14 қарашадағы №136 (3341) «Астана ақшамы», №136 (3359) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

8. «Қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын орган көрсететін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі №107-1565 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №107-665 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №101800 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, №52 (3422) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

9. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі №107-675 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №101801 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 7 мамырдағы №52 (3404) «Астана ақшамы», №52 (3422) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

10. «Қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын орган көрсететін мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі №107-1565 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі №107-676 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №102214 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 17 мамырдағы №55 (3407) «Астана ақшамы», №55 (3425) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер регламентін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қазандағы №107-1900 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі №107-709 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №102216 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 17 мамырдағы №55 (3407) «Астана ақшамы», №55 (3425) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

12. «Орта білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі №107-1679 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі №107-749 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №102337 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүй-

есінде, 2016 жылғы 26 мамырдағы №59 (3411) «Астана ақшамы», №59 (3429) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

13. «Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 тамыздағы №107-1346 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі №107-750 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №102341 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 26 мамырдағы №59 (3411) «Астана ақшамы», №59 (3429) «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

